

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігін қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 9 маусымдағы N 1382 Жарлығы Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабы 3) тармақшасына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі оны Үкіметтің құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде осы Жарлықтан туындайтын шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы" 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 6 Жарлығының 1-тармағы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі". P070943

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін. U080552

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті